Университеттің 55 жылдығына арналған «**Сәкен тағылымы -8»** атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция **материалдары // Материалы** Республиканской конференции «**Сейфуллинские чтения – 8**», посвященной 55-летию университета. – 2012. – Т.1 (преподаватели и магистранты). – Б.89

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРҒАҚ ДАЛА АЙМАҒЫНДА ЖАЗДЫҚ ЖҰМСАҚ БИДАЙДЫҢ СЕБУ МӨЛШЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ АСТЫҚ ӨНІМІ

Қасымбеков Е.Б.

Еліміздің 2030 жылға дейін дамытудың ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа жүз жылдықта еліміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі» атты халыққа жолдауында ауыл шаруашылығы өндірісін ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету белгіленген.

Біздің зерттеулеріміз Ақмола облысы Астрахан ауданы «Фермер 2002» ЖШС-де 2009-2011 жылдар аралығында жүргізілді. Солтүстік Қазақстанның құрғақ дала аймағында жаздық жұмсақ бидайдың себу мөлшеріне байланысты астық өнімінің қалыптасуы зерттелді. Зерттеу обьектісі ретінде біздің тәжірибемізде жаздық бидайдың орташа мерзімде пісетін Астана сорты қолданылды. Әр гектарға 1,5-3,5 млн өнгіш тұқым себілді. Себу жұмыстары ДТ-75+2СЗС-2,1 агрегатымен жүзеге асырылды. Себу мерзімі 20-23-мамыр. Тәжірибе 4 қайталанымммен, қатар орналасқан, әрқайсысының ауданы 336 $м^2$ мөлдектерде жүргізілді.

Қазақстанның солтүстік өңірінде топырақтың құнарлығы жоғары, арамшөптерден таза, жауын-шашын өсімдіктің «қиын-қыстау» кезеңіне тұстас келгенде Астана сортының әр гектарға себу мөлшері 1,5 млн өнгіш тұқымнан асырмаған жөн. Себебі жазда болатын жауын-шашын көктемдегі пайда болған өскіндердің жетілген сабақтарының дамуына оң ықпал етіп, масақтағы дәннің санын, 1000 дәннің массасын арттыруға жеткілікті болады да, жоғары себу мөлшерінен (2,0-3,0 млн/га өнгіш тұқым) 0,6-1,1 ц/га артық өнім қалыптастырады.

Астық өнімділігі әр мөлдекте жеке-жеке 14% ылғалдылықпен 100% физикалық тазалық ескеріле отырып анықталды (Мемлекеттік сортсынау жүйесі (2001) әдістемесі бойынша).

Біздің зерттеуіміздің нәтижесі бойынша астық өнімінің қалыптасуы жылдарға және себу мөлшеріне сәйкесінше Астана сортын 1,5 млн/га өнгіш тұқым сепкенде 2009-210 жылдары құрғақшылық болғандықтан өнімі 7,4-4,0 ц/га, ал 3,5 млн/га өнгіш тұқым сепкенде тиісінше 5,9-4,7 ц/га өнім берді. 2011 жылы ауыл шаруашылығы үшін өте қолайлы болды, жаздық жұмсақ бидайдың «қиын-қыстау» кезеңінде толық ылғалмен қамтамасыз етілді (өсіп-даму кезеңіндегі түскен жауын-шашын мөлшері 186,0 мм, көпжылдық орташа көрсеткіштер 168,0 мм). Астық өнімі 1,5 млн/га өнгіш тұқым сепкенде 17,6 ц/га, ал 3,5 млн/га өнгіш тұқым 18,5 ц/га өнім жиналды.

**Ғылыми жетекшісі: а.ш.ғ.д., профессор Қ.М. Мұсынов*